

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 14 ақпандағы N 28 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 17 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3496. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 5 ақпандағы N 11 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) қаулысымен

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 11 ақпандағы N 25 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1170 тіркелген, 2000 жылғы 19 маусым - 2 шілдеде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" баспасөз басылымдарында жарияланған; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 26 наурыздағы N 107 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1835 тіркелген) бекітілген өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесінде:
кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы", " Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы " Қазақстан Республикасының заңдарына, қаржылық есептің халықаралық стандарттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) нормативтік құқықтық актілеріне с ә й к е с ә з і р л е н д і .

Осы Ереже Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау тәртібін және ұсыну мерзімдерін айқындайды.";

1 - т а р м а қ т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) шоғырландырылған қаржылық есеп беру - бұл топтың бірыңғай қаржылық есеп беру ретінде ұсынған қаржылық есеп беруі";

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) азшылық үлесі - бұл еншілес ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің таза кірістерінің (шығындарының) және таза активтерінің оның капиталындағы үлесіне тиесілі, бас банк тікелей немесе еншілес ұйымдар арқылы жанама түрде и е л е н б е й т і н б ө л і г і ; " ;

12) тармақшада және мәтін бойынша одан әрі "қаржы-шаруашылық қызмет қорытындылары туралы" деген сөздер "кірістер және шығыстар туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "жақын болашақта (алған күннен бастап алты айдан асырмай)" деген сөздер "он екі ай ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алынып тасталсын;

12-тармақтағы "есеп беру" деген сөздерден кейін "қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан былай - уәкілетті орган) келісім бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақтағы "Ұлттық Банк белгілеген талаптар мен тәртіптерге сәйкес" деген сөздер "уәкілетті органмен келісім бойынша Ұлттық Банк белгіленген нысан бойынша және мерзімдерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп (4-қосымша);";

36-тармақтағы "қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттарына" деген сөздер "қаржылық есептің халықаралық стандарттарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-бөлім алынып тасталсын;

45-тармақтағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

№ 1 қ о с ы м ш а д а :

"Минус: Жіктелген активтер мен дебиторлық берешек бойынша шығынды жабуға арналған басқа да провизиялар" деген баптың атауы "Кейінге қалдырылған салық талабы" деген баптың атауымен ауыстырылсын;

"Басқа міндеттемелер" бабынан кейін "Кейінге қалдырылған салық талабы" деген баппен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-қосымшамен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің шоғырландырылған қаржылық есебін жасау ережесіне

4-қосымша

№ 4-нысан

Топтың меншікті капиталындағы _____ ЖЫЛҒЫ өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп

Мың теңгемен

Баптардың атауы	Жар- ғы- лық ка- пи- тал	Эм- ис- сия- лық кі- ріс	Алын- ған капи- тал	Ре- зер- втік ка- пи- тал	Бас- қа да ре- зер- втер	Бөлін- беген кіріс (өтел- меген шығын)	Жиын- тығы
Есепті кезең басындағы сальдо							
Есеп саясатындағы өзгерістер және түбірлі кателерді түзету							
Есепті кезең басында қайта саналған сальдо							
Есепті кезеңде қосымша шығарылған (сатып алынған) меншікті акциялар							
Дивидендтер							
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау							
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруі							
Есепті кезеңнің бөлінбеген кірісі (шығын)							
Ішкі аударымдар							
оның ішінде:							

